



010000, Астана қ. Бейбітшілік к-сі.11 үй  
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

010000, г. Астана, ул. Бейбитшилик, 11  
тел: 55-66-31, 55-66-37, факс: 55-72-94

19.10.2017 № 5

№ \_\_\_\_\_ ге

**Тұрақты комиссияның  
2017 жылғы 19 қазандағы  
қаулысы**

**«Жастарды мемлекеттік қолдауды  
қамтамасыз етудің және елорданың  
қоғамдық өміріне қатыстырудың  
жай-күйі мен шаралар туралы»  
Астана қаласы мәслихатының  
2015 жылғы 18 наурыздағы №338/48-V  
шешімінің орындалу барысы туралы**

Астана қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Астана қаласының Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма» ММ «Жастарды мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етудің және елорданың қоғамдық өміріне қатыстырудың жай-күйі мен шаралар туралы» Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 18 наурыздағы №338/48-V шешімінің орындалу барысы туралы» ақпаратын тыңдап, талқылай келе, басқармамен қалалық мәслихаттың ұсынымдарын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар жүргізіліп жатқанын атап өтті.

Жастарға мемлекеттік қолдау көрсетуді жан-жақты қамтамасыз ету, олардың елорданың әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріне қатысуына жағдай жасау бойынша шаралар қабылдануда. Қазіргі күнде қалада жастардың саны 199,3 мың адамға немесе жалпы қалалық тұрғындардың санының 24 пайызына тең. Жастардың негізгі бөлігін елорданың жоғары оқу орындары мен колледждерінің студенттері құрайды, онда 78 062 адам оқиды.

«ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу кезінде қаланың нысандары мен қызметтеріне арналған еріктілер қызметін ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді. Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің базасында құрылған волонтерлердің қалалық штатымен Астанадағы жоғары оқу орындары мен колледждерінің студенттерінен 1530 еріктілер тартылды.

Студенттер мен жұмысшы жастарды біріктіріп, нығайту жұмыстары қарқынды дамып келеді. Бүгінгі күні жастар саясаты саласында 70-тен астам жастар ҮЕҰ тіркелді, оның 27-і белсенді болып табылады.

Үкіметтік емес ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында жобалар саны артып келеді.

Ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне 59 жоба, оның ішінде мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында 34 жоба іске асырылды. 75 мыңнан астам жастарды қамтыған шамамен 350 шара өткізілді.

Өмірлік қиын жағдайларға тап болған жастарға психологиялық қолдауды қамтамасыз ету мақсатында құқықтық және психологиялық мәселелер бойынша кеңес беретін «Жастар көмек орталығы» ашылған. Мемлекеттік және құқық қорғау органдарының өкілдерімен жұмыссыз жүрген, озін-өзі жұмыспен қамтыған жастарға кеңес беру үшін «Ашық есіктер күндері» өткізілуде.

Жастардың құқықтық сауаттылығын жетілдіруге ерекше көңіл бөлінуде, осы мақсатта құқық қорғау органдарына рейд жүргізуге көмектесу үшін студенттер жасағынан құралған «Жас сақшы» жобасы жүзеге асырылуда.

Студенттік жасақтың қатарында қатысушылар саны 1500 адамға жуық, 2015 жылы қатысушылар саны 300 болған. Ағымдағы жылдың наурыз айынан маусым айына дейін Астана қаласының ішкі істер департаментімен бірлесе отырып, компьютерлік клубтарға 40-тан астам рейд жүргізіліп, 1006 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды.

Нәтижесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. ЖОО студенттері мен жұмыссыз жастар арасында нашақорлықтың алдын-алу үшін: семинарлар, спорттық ойындар, шығармашылық жарыс және флешмоб сияқты кешенді іс-шаралар жүргізілуде.

Балалар мен жасөспірімдерді бос уақытын толыққанды өткізуді қамтамасыз ету, оларды салауатты өмір салтына тарту үшін қалада 18 аула клубтары бар, онда 3 000 бала мен жасөспірім қамтылған 109 үйірмелер мен секциялар жұмыс істейді. Қызметкерлер саны 146 бірлікті құрайды. 2017 жылдың бірінші жартыжылдығында қаладағы аулалық клубтардың тәрбиеленушілерінің қатысуымен 60-тан астам мәдени және спорттық-сауықтыру іс-шаралары өткізілді.

2017 жылдың екінші тоқсанына Астана қаласында жастар арасында жұмыссыздық деңгейінің 4,5 пайызға төмендеуі байқалады, бұл көрсеткіш 2016 жылдың сәйкес кезеңіне - 5,2 пайыз болатын.

Жастар арасында жұмыссыздық деңгейін төмендету және жастарға кәсіби бағдар беру мақсатында қалалық жалпы білім беру мектептерінің жоғары сынып оқушылары арасында «Менің дұрыс таңдауым» кешенді шарасы аясында үгіт-насихат жұмыстары жүргізіліп, қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындарында экскурсиялар мен кездесулер ұйымдастырылуда. Мектептің, студенттік және жұмыссыз жастарды маусымдық жұмыспен қамту бойынша «Жасыл ел» студенттік еңбек отрядтары» жобасы іске асырылуда. Осы жылы 975 жас адам жұмысқа орналасты.

Ағымдағы жылдың басынан бастап «Астана жастары» ресурстық орталығымен 205 жас жұмыспен қамту орталығына жіберілген.



Елорда жастарының шығармашылық әлеуетін анықтап, дамытуға ерекше назар аударылуда. Өткізіліп жатқан мәдени-көпшілік шаралары этносаралық келісімді нығайтуға, төзімділікті насихаттауға, шығармашылық әлеуетті жүзеге асыруға және жастар бірлігін дамытуға ықпал етеді.

Салауатты өмір салтын насихаттау және шығармашылық жастарды қолдау мақсатында стрит-воркаут, кроссфит, паркур және түрлі спорттық және бидің түрлі бағытында іс-шаралар өткізіліп, жастар өнерлерін көрсетті. «Астана жастары» ресурстық орталығымен ай сайын кітап сүйер қауымның кездесулері өткізіледі.

«Девиантты мінез-құлықпен жасөспірімдерді жұмысқа орналастыру және қылмыстық жазасын өтеп жүрген және өтеген жасөспірімдерді бейімдеуге жәрдемдесу», «Маргиналды санатындағы жастар арасында алдын-алу шараларын өткізу», «Мүмкіндігі шектеулі жастар арасында шығармашылық фестиваль» жобалары аясында жастардың әлеуметтік-әлсіз тобымен жұмыс күшейе түсті. Ағымдағы жылдың сәуір-маусым айларында 500-ден астам адамды қамтыған іс-шаралар өткізілді.

Маргиналды жастармен және мүмкіндігі шектеулі жастармен жұмыс жасауға бағытталған жобалар жүзеге асырылуда.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде әлеуметтік және ұлттық мәдени даму жөніндегі тұрақты комиссия қаулы етті:

1. Қалалық Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының «Жастарды мемлекеттік қолдауды қамтамасыз етудің және елорданың қоғамдық өміріне қатыстырудың жай-күйі мен шаралар туралы» Астана қаласы мәслихатының 2015 жылғы 18 наурыздағы №338/48-V шешімінің орындалу барысы туралы» ақпараты назарға алынсын.

2. «Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма» ММ Жастарға мемлекеттік қолдау көрсетуді қамтамасыз ету және оларды елорданың қоғамдық өміріне қатыстыру бойынша жұмысты жалғастыру ұсынылсын.

**Астана қаласы мәслихатының  
Әлеуметтік-мәдени даму  
мәселелері жөніндегі тұрақты  
комиссиясының төрағасы**



**М. Шайдаров**